**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы**
**ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 17 мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2020 жылғы 28 мамырда Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 17, акт залы, 3-қабат мекенжайы бойынша 10 сағат 00 минутта өткізілді.

**Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері:**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 17.

Қоғамның Жиналысына:

1. 1 034 088 144 жай акцияның иесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атынан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жаңа активтер және бизнесті дамыту департаменті директорының орынбасары Жанна Михайловна Закирьянова қатысты (2020 жылғы 28 мамырдағы №123-67 сенімхат бойынша).

Жиыны: 2020 жылғы 28 мамырдағы жағдай бойынша акциялар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,98 % құрайтын Қоғамның жиынтықтағы 1 034 088 144 жай акциясына ие, Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционердің 1 өкілі тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңының (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң) 45-бабы 1-тармағының негізінде Жиналысты өткізу үшін кворум бар, осыған байланысты Жиналыс Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы деп танылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылатын мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясы дауыс берудің келесі қорытындыларын шығарды:

**1. Жиналыс төрағасын сайлау туралы.**

| | |
|---|---|
| **«Қолдады»** | - 1 034 088 144 дауыс; |
| **«Қарсы»** | - дауыс жоқ; |
| **«Қалыс қалды»** | - дауыс жоқ. |

**Жиналыс шешімі қабылданды:** Басқарма төрағасының орынбасары – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

**2. Жиналыс хатшысын сайлау туралы.**

| | |
|---|---|
| **«Қолдады»** | - 1 дауыс; |
| **«Қарсы»** | - дауыс жоқ; |
| **«Қалыс қалды»** | - дауыс жоқ. |

**Жиналыс шешімі қабылданды:** Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

**3. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысандарын белгілеу туралы:**

| | |
|---|---|
| **«Қолдады»** | - 1 дауыс; |
| **«Қарсы»** | - дауыс жоқ; |
| **«Қалыс қалды»** | - дауыс жоқ. |

ҚазМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ
ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** дауыс беру тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 50-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленсін; Жиналыста күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нысаны – ашық тәсіл болып белгіленсін.

**4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:**

**«Қолдады»** - 1 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыс жұмысының келесі регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, жарыссөздерге қатысушыларға – бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут берілсін.

**5. Күн тәртібін бекіту туралы:**

**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Жиналыстың келесі күн тәртібі бекітілсін:
1) 2019 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту;
2) Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту;
3) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы жылдық есепті бекіту;
4) 2019 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары мен оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
5) 2019 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
6) Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
7) Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу;
8) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және олардың шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу.

**6. Жиналыстың күн тәртібінің** «2019 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** 2019 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі бекітілсін.

**7. Жиналыстың күн тәртібінің** «Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту» туралы мәселесі **бойынша:**
**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады» - 1 034 088 144 дауыс;**
**«Қарсы» - дауыс жоқ;**
**«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.**

ҚазМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ
ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**

1. 2019 жылдың қорытындылары бойынша алынған 265 931 (екі жүз алпыс бес мың тоғыз жүз отыз бір) млн. теңге мөлшеріндегі Қоғамның таза кірісін бөлудің келесі тәртібі бекітілсін:

– 2019 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі жағдай бойынша айналымдағы тиісті акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберілсін;

- Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 0 (ноль) теңге сомасында *(оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы)* белгіленсін;

- Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасында *(оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы)* белгіленсін;

- дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2020 жылғы 8 маусым, 00 сағат 00 минут;

- дивидендтерді төлеу басталатын күн – 2020 жылғы 8 шілде;

- дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банк шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О.Есқазиев белгіленген тәртіппен осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

**8. Жиналыстың күн тәртібінің** «Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы жылдық есепті бекіту» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Қоғамның жылдық есебі, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы жылдық есеп бекітілсін.

**9. Жиналыстың күн тәртібінің** «2019 жылы Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

**10. Жиналыстың күн тәртібінің** «2019 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

ҚазМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ
ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ

**11. Жиналыстың күн тәртібінің** «Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Директорлар кеңесінің сандық құрамы 4 (төрт) адам санында белгіленсін.

**12. Жиналыстың күн тәртібінің** «Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:** Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі – 1 (бір) жылға белгіленсін (2020 жылғы 28 мамырдан бастап 2021 жылғы 28 мамырды қоса алғанда).

**13. Жиналыстың күн тәртібінің** «Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»** - 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**
Қоғамның Директорлар кеңесінің келесі құрамы сайлансын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы | - | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде; |
| 2. | Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы | - | Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы); |
| 3. | Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы | - | тәуелсіз директор ретінде; |
| 4. | Лубянцев Петр Геннадьевич | - | тәуелсіз директор ретінде; |

**14. Жиналыстың күн тәртібінің** «Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және олардың шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу» туралы **мәселесі бойынша:**

**Дауыс бергендер:**
**«Қолдады»**- 1 034 088 144 дауыс;
**«Қарсы»** - дауыс жоқ;
**«Қалыс қалды»** - дауыс жоқ.

**Жиналыстың шешімі қабылданды:**
1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің келесі мөлшері мен шарттары белгіленсін:
Қоғамның әрбір тәуелсіз директорына 700 000 теңге мөлшеріндегі ай сайынғы сыйақы (жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын есептемегенде).

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ
ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ

2. Қоғам директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін шығыстарын өтеудің келесі мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін – олармен жасалатын шарттардың қоса берілген жобаларына сәйкес;

2) директорлар кеңесінің басқа мүшелері үшін – директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне байланысты келесі шығындар:

- тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша – іс жүзіндегі шығындар бойынша;
- отырыстың/кездесулердің орнына бару және тұрақты жұмыс орнына/тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келу – бизнес-класс тарифі бойынша;
- мейманханадан әуежайға/вокзалға және әуежайдан/вокзалдан мейманханаға трансфер – іс жүзіндегі шығындар бойынша;
- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейне-конференцияны, конференц-байланысты пайдалану – іс жүзіндегі шығындар бойынша.

Өтемақы шығыстарды растайтын құжаттар Қоғамға берілген жағдайда жүзеге асырылады.

3. Қоғам директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған талаптарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Есеп комиссиясының мүшелері:**

__________________ **Е. Горохова**

__________________ **В. Залевская**

__________________ **А. Шалабаева**